КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2025 жылғы 8 мамыр №5501-25-00-2/896 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Ищанов, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Азия Электрокомплект» Рысбеков Нурлыбек Дауренбекулы жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Азия Электрокомплект» Рысбеков Нурлыбек Дауренбекулы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Азия Электрокомплект» Рысбеков Нурлыбек Дауренбекулы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Азия Электрокомплект» Рысбеков Нурлыбек Дауренбекулы жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 1 347 (бір мың үш жүз қырық жеті) теңге, мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды 2 006 (екі мың алты) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс:
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 08.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.06.2025, судья Ищанов А. Т., 18.06.2025

5501-25-3-1/985